

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабактың тақырыбы:

Кәсіби мәтінмен жұмыс

.

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Кәсіби мәтінмен жұмыс.
Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып,
тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Білім алушылардың тілдік дағды әрекетін қалыптастыра отырып, іскери байланыс және кәсіби қарым-қатынас этикасы мен этикеті жайлы жан-жақты мәлімет беру, білімдерін жетілдіру, тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстыру, оларды сөйлесімде қолдана білу әрекеттерін іске асыру.

Кәсіби мәтіндер — мамандыққа қатысты лексикалық минимумдарды қамтитын, белгілі бір мамандықты игеру үшін қажет кәсіби білім беретін күрделі қатысымдық бірлік.

Кәсіби мәтінмен жұмыс жүргізудің мақсаты — студенттің мәтінді практика жүзінде игеруін жүзеге асырып, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыруға икемдеу.

Кәсіби мәтіндер мазмұны, тақырыптық тартымдылығы студенттерге мамандыққа, кәсіби терминдерге қажетті толық ақпаратпен, тиімді лексика нормаларында құрылған білім деңгейіне сәйкес келуі керек.

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Ақпараттық технологиялар (АТ) – заманауи қоғамның дамуын айқындайтын жетекші салалардың бірі. Бұл мамандық компьютерлік жүйелерді, бағдарламамен қамтамасыз етуді, деректер базасын, желілерді және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін жобалау, енгізу және тиімді пайдалану бағыттарын қамтиды. Ақпараттық технологиялар мамандары түрлі салада қызмет атқара алады: білім беру, денсаулық сақтау, банк жүйесі, өндіріс, мемлекеттік басқару және бизнес. Олар деректерді өңдеу, талдау, сақтау және қорғау міндеттерін орындайды.

Мамандықтың негізгі бағыттары:

1. *Бағдарламалау* – заманауи бағдарламалау тілдерін қолдана отырып, жаңа қосымшалар мен жүйелер құру.
2. *Желілік технологиялар* – компьютерлік желілерді құру, баптау және басқару.
3. *Ақпараттық қауіпсіздік* – деректерді қорғау, кибершабуылдардың алдын алу және жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету.
4. *Жасанды интеллект және Big Data* – интеллектуалды жүйелерді дамыту және үлкен көлемдегі деректерді талдау. Ақпараттық технологиялар саласының маманы болу үшін математикалық ойлау, логикалық талдау, креативтілік және үздіксіз ізденіс қажет. Сондай-ақ ағылшын тілін меңгеру – халықаралық деңгейде кәсіби бәсекеге қабілетті болудың негізгі шарты.

04

Мәтіннің жалғасы:

Мамандықтың негізгі ерекшеліктері:

- Бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеу – веб-сайттар, мобильді қосымшалар, корпоративтік жүйелер құру;
- Жасанды интеллект пен машиналық оқыту – интеллектуалды алгоритмдер арқылы автоматтандырылған шешім қабылдау;
- Big Data және Data Science – үлкен көлемді деректерді талдау, өңдеу және олардан құнды ақпарат алу;
- Киберқауіпсіздік – ақпараттық ресурстарды қорғау, қауіп-қатерлердің алдын алу;
- Желілік және бұлтты технологиялар – қашықтан басқару, виртуалды серверлер мен деректер орталықтарын дамыту.

05

Мәтіннің жалғасы:

Маманға қойылатын талаптар:

Жоғары деңгейдегі логикалық және аналитикалық ойлау қабілеті;

Жаңа технологияларды тез меңгеру және оларды тәжірибеде қолдана білу;

Командалық жұмысқа бейімділік және жобалық басқару дағдылары;

Ағылшын тілін меңгеру, себебі халықаралық тәжірибе мен ғылыми әдебиеттердің басым бөлігі ағылшын тілінде жазылады.

Мамандықтың болашағы ақпараттық технологиялар мамандығының еңбек нарығындағы сұранысы жыл сайын артып келеді. Қазақстанда да, әлемде де бұл салада білікті мамандарға үлкен мүмкіндік жасалған. Халықаралық IT-компанияларда жұмыс істеу, стартап-жобаларды жүзеге асыру, өз кәсібін ашу – әрбір маманға қолжетімді.

Мәтіннің жалғасы:

Интернеттің қоғамдағы рөлі. Интернет – қазіргі замандағы ең маңызды ақпарат көзі және қарым-қатынас құралы. Ол адамдардың күнделікті өмірінде білім алуға, жұмыс істеуге, демалуға және достарымен байланыста болуға кеңінен мүмкіндік береді.

Интернет арқылы ақпаратты тез табуға, әлемдік жаңалықтардан хабардар болуға және қашықтан білім алуға болады. Сонымен бірге интернеттің зиянды жақтары да бар: уақытты дұрыс пайдаланбау, жалған ақпараттың таралуы, адам денсаулығына кері әсер етуі.

Сондықтан интернетті тиімді әрі мәдениетті қолдану – әр адамның жауапкершілігі.

2-тапсырма.

- ❖ Мәтіннің негізгі идеясын 5 сөйлеммен тұжырымдаңыз.
- ❖ Мәтінді өз ойыңызбен толықтырыңыз.
- ❖ Мәтін бойынша бірнеше сұрақтар құрастырып, топпен талқылаңыз.

3-тапсырма.

- ❖ Мәтіннен кәсіби терминдерді теріп жазыңыз.
- ❖ «Алгоритм», «интеллектуалдық әлеует», «жүйелі талдау» сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.
- ❖ «Құзырет», «құндылық», «даңғыл жол» сөздерін қатыстыру арқылы сөйлем құрастырыңыз.

09

4-тапсырма.

«Бағдарламалау – шығармашылық ойлаудың көрінісі» тақырыбында шағын эссе жазыңыз (80–100 сөз).

5-тапсырма.

«Ақпараттық технологиялардың білім беру саласына әсері» туралы өз пікіріңізді жазыңыз.

6-тапсырма. Интернеттің пайдасы мен зияны туралы өз ойыңызды білдіріңіз.

- ❖ Интернеттің пайдасы қандай?
- ❖ Интернеттің зиянды жақтары неде?

7-тапсырма.Төмендегі тақырыптардың бірін тандап, шағын ойтолғау жазыңыз:

- ❖ «Бағдарламалау – болашақ маманның базалық кұзыреті».
- ❖ «Ақпараттық технологияның адам өміріндегі орны».
- ❖ «ІТ саласындағы қазақ тілінің рөлі».

8-тапсырма.

«Цифрлық қоғам: артықшылықтары мен қауіптері» тақырыбында жұптық диалог құрастырыңыз.

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар:

- ❖ Ақпараттық технологиялар қай салаларда қолданылады?
- ❖ Мамандықтың негізгі бағыттарын атаңыз.
- ❖ Ақпараттық технология мамандарына қойылатын қандай талаптар бар?
- ❖ Бұл мамандықтың болашағы туралы не айтылған?

10-тапсырма. Төмендегі ұғымдардың анықтамасын түсіндірмелі сөздіктен қарап, жазыңыз.

- ❖ Бағдарламалау
- ❖ Big Data
- ❖ Киберқауіпсіздік
- ❖ Желілік технологиялар
- ❖ Жасанды интеллект

11-тапсырма. Сызба құрыңыз.

Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, *«Ақпараттық технология мамандығының бағыттары»* атты сызба жасаңыз.

12-тапсырма. Артық сөзді табыңыз.

Бағдарламалау, жасанды интеллект, ақпараттық қауіпсіздік, математика, Big Data, құқық, қоғам.

13-тапсырма. Топтастыру әдісі.

«Ақпараттық технология маманы қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап беретін кластер жасаңыз.

14-тапсырма. Дәлелдеу тапсырмасы.

Ақпараттық технологиялар мамандығының неге ең қажетті мамандықтардың бірі екенін дәлелмен жазыңыз.

Үй тапсырмасы:

- ❖ Мәтінді оқып, әңгімелеңіз.
- ❖ Сөздерді, термин сөздерді жаттап, есте сақтаңыз.
- ❖ Мәтіннен сөз тіркестерін тауып, сөйлем құрастырыңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

19